13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

17) Банктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;

18) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) келесілерді жасасу туралы шешімдер қабылдау:

- ірі мәмілелерді;

- мәмілелерді, оларды жасау кезінде Банк мүдделі;

- ерекше қатынастары бар Банкпен байланысты тұлғамен жасалған;

- несие мәмілелері, Банктің Несие Комитетінің құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау

Банктің өз капиталының (бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі капиталды қоса) мөлшерінің он пайызына дейін құрайтын көлемі бар мәмілелерден басқа. Бұл ретте Банктің Несие Комитетінің шешімдерін қабылдау кезінде несие тәуекелдігінің көлемі, екі немесе одан да көп қарыз алушылардан тұратын топ үшін біртұтас бір қарыз алушы ретінде қарастырылады;

- Банктің сомалық активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызының жалпы сомасына бір клиенттен жедел салымдарды тарту жөніндегі мәмілелер, сондай-ақ Банктің сомалық активтері мөлшерінің он бес және одан да көп пайызының жалпы сомасына бір клиенттен салымдардың барлық түрлерін тарту жөніндегі мәмілелер;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарын Банктің сомалық активтері көлемінің бес және одан да көп пайыздарының жалпы сомасын инвестициялау жөніндегі мәмілелер;

- Банктің мүліктерін алу және кейінге шегеру жөніндегі мәмілелер, олардың көлемі Банктің өз капиталының (бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі капиталды қоса) көлемінен он және одан да көп пайыздарын құрайды.

20) Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру және олар туралы ережелерді бекіту;

21) Банк қорларын қалыптастыру және қолдану түрлерін, тәртібін анықтау;

22) Банктің аудитін жүргізетін ішкі аудит Қызметінің, комплаенс қызметінің, аудиторлық ұйымның жылдық есебін қарау;

23) Банктің аудитін жүргізетін, және Қазақстан Республикасының бақылау органдарының ішкі аудит Қызметінің, комплаенс қызметінің, аудиторлық ұйымның нұсқаулары мен ескертпелерін Банктің органдары жедел орындауын қамтамасыз етуші шараларды қабылдау;

24) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған, акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

14.2. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Банктегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

14.3. Директорлар Кеңесінің ғана құзыретіне жататын мәселелер заңнамаға сәйкес Банк Басқармасының шешіміне беріле алмайды.

Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жататын мәселелер бойынша, акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқы жоқ.

14.4. Жеке адам ғана директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционер - жеке адамдар;

2) директорлар Кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) басқа адамдар (осы Жарғының 14.5. тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар Кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар Кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

14.5. Қоғамның акционері емес және акционердің өкілі ретінде директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны директорлар Кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы керек.

14.6. Оның басшысынан басқа, Банк Басқармасының мүшелері директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

14.7. Банктің директорлар Кеңесі мүшелерінің саны акционерлердің Жалпы жиналысымен анықталады және кемінде үш адам болуға тиіс.

Банктің директорлар Кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

14.8. Төрағаның немесе Банктің директорлар Кеңесінің мүшесі қызметіне келесі тұлға сайлана алмайды:

а) жоғары білімі жоқ адам;
б) заңнамада бекітілген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған сотта болуы;
в) банктік заңнаманың жеткілікті білімдерін білмейтін;
г) ертеректе директорлар Кеңесінің Төрағасы, бірінші басшы (Басқарма Төрағасы), басшының орынбасары, банктің бас есепшісі немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған, банктің консервациясы немесе басқа заңды тұлғаның немесе, еріксіз жою немесе акцияларды еріксіз сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аса мерзімде заңды тұлға болып табылатын. Көрсетілген талап белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған, банктің консервациясы немесе басқа заңды тұлғаның немесе, еріксіз жою немесе акцияларды еріксіз сатып алу туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады;

д) Банктің директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынылған басқа талаптарға жауап бермейтін.

14.9. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар Кеңесін сайлау өткізілетін Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар Кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар Кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

14.10. Банктің Төрағасы мен директорлар Кеңесінің мүшелерін акционерлердің Жалпы жиналысы сайлайды. Банктің Төрағасы мен директорлар Кеңесінің мүшелерін акционерлердің Жалпы жиналысы, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте олардың өкілеттіктері тоқтаған жағдайда, қайта сайлайды.

14.11. Директорлар Кеңесінің төрағасы директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

15 тарау. Банктің директорлар Кеңесінің отырысын өткізу тәртібі

15.1. Директорлар Кеңесінде талқыланатын сұрақтарды Банк Басқармасы және Банктің басқа алқалық органдары, директорлар Кеңесінің құзыретіне ғана жататын, сұрақтардан басқа, ішкі үрдістерге сәйкес алдын-ала қарауы қажет.

Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің төрағасына директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға және отырыста талқыланатын сұрақтардың тізімін тарту туралы шешім қабылдайды.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар Кеңесінің отырысын, бастамашы ұсынған сұрақты қарау үшін шақыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысын директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе атқарушы орган, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар директорлар Кеңесінің мүшелеріне, отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 69 бабының 1 тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органға алдын ала хабарлауға міндетті.

15.2. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар Кеңесі мүшелері санының 2/3 құрайды.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар Кеңесі акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

15.3. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар Кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, директорлар Кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Директорлар Кеңесінің мәміле жасау сұрақтары бойынша шешімі, оның нәтижесінде Банк мүлікті алатын немесе кейінге қалдыратын (алынуы немесе кейінге қалдырылуы мүмкін), оның құны Банктің өз капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан аса пайызды құрайтын шешімдері, соңғы есептеу күні оның бухгалтерлік есебінің негіздері бойынша бір ауыздан қабылданады. Егер бір ауыздан қабылдауға жетпеген жағдайда, Банктің директорлар Кеңесінің шешімі бойынша мәміле жасау туралы мәселе акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына шығарылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесінің мүшелері шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруден бас тарта алмайды.

Дауыстар саны тең болған кезде директорлар Кеңесі Төрағасының немесе директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болуы Банк жарғысында көзделуі мүмкін.

Директорлар Кеңесі директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

15.4. Директорлар Кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы мүмкін.

Сырттай дауыс беру директорлар Кеңесіне қатысушы (аралас дауыс), директорлар Кеңесі мүшесінің дауыс беруімен, не директорлар Кеңесінің отырысын өткізбеу арқылы қолданылуы мүмкін.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Сырттай дауыс беруді орындау кезінде директорлар Кеңесінің шешімдерінің жобалары дауыс беру үшін директорлар Кеңесіне жіберіледі (таратылады).

Дауыс беру үшін директорлар Кеңесінің сырттай отырысы шешімінің жобасы директорлар Кеңесінің отырысын өткізген күнге дейін бес күннен кешіктірмей директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар Кеңесінің хатшысы мен Төрағасының қолы қойылуға тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.

15.5. Директорлар Кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар Кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар Кеңесінің әр мүшесінің директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

15.6. Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар Кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Банктің мұрағатында сақталады.

Директорлар Кеңесінің хатшысы директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Банктің уәкілетті қызметкері қол қойып, Банктің мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

16 тарау. Банк Басқармасы

16.1. Банктің ағымдағы әрекеттеріне алқалы атқарушы орган - Басқарма басшылық етеді, ол акционерлердің Жалпы жиналысының және Банктің директорлар Кеңесінің шешімдерін орындайды, банктік іс-әрекеттерді орындау жөніндегі Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жұмыстарын реттейді және бақылайды.

16.2. Банк Басқармасының сандық құрамы мен өкілеттігінің мерзімі Банктің директорлар Кеңесімен анықталады.

Банктің жұмысшылары және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма Төрағасының мүшелері бола алады. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға ұсынылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітіледі.

Басқарма мүшесі директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған адам мен Банк арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Банк атынан Банк Басқармасының Төрағасымен жасалатын еңбек шартына директорлар Кеңесінің төрағасы немесе осыған жалпы жиналыс немесе директорлар Кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.

16.3. Банк Басқармасы Банктің құзырлы тұлғаларына және басқа органдардың құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жатқызылмаған, Банк әрекеттерінің кез-келген сұрақтары бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банктің директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Банк мәміле жасау кезінде жақтар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдеген жағдайда, Банк белгілеген шектеулерді бұзу арқылы Басқарма орындаған мәміленің әрекет етуін жоққа шығаруға құқылы.

16.4. Банк Басқармасының құзыретіне:

- 1) Банктің ағымдағы әрекеттерін ұйымдастыру және орындау;
- 2) Банктің мақсаттарына жетуге бағытталған шешімдерді қабылдау, акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;
- 3) Банктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, оларды бекіту Банктің әрекеттерін ұйымдастыру мақсатында Банктің ішкі құжаттарын өңдеу және бекіту;
- 4) Акционерлердің Жалпы жиналысында немесе директорлар Кеңесінің қарауына жататын, осы Жарғыға сәйкес сұрақтарды алдын-ала қарайды және ол бойынша тиісті материалдарды, ұсыныстарды және шешімдердің жобаларын дайындайды;
- 5) Банк бөлімшелерінің ұйымдастырушылық құрылымдарын бекіту;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасын Банк қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз ету;
- 7) банктік және басқа операцияларды орындау кезінде туындаған сұрақтарды жедел шешу;
- 8) Банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті, осы Жарғыда белгіленген өкілеттіктер шегінде шешімдер (қаулылар) және нұсқаулар қабылдау;
- 9) есептеуді ұйымдастыру, есепке алу, ішкі бақылау (ішкі аудит), оның ішінде ақпараттарды жіберу және айырбастаудың тиімді жүйелерін құру, ішкі бақылау жүйесінің жағдайын тексеру нәтижелерін қарау, ішкі бақылаудың байқалған олқылықтары мен бұзушылықтарын жоюдағы бақылау жүйесін ұйымдастыру сұрақтарын шешу;
- 10) банктік қызметтердің жаңа түрлерін өңдеуді ұйымдастыру;
- 11) Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің құзыреттеріне жатпайтын, сондай-ақ Банк Басқармасының ұсынысы бойынша қарауға жататын басқа сұрақтарды шешу жатады.

17 тарау. Банк Басқармасының отырысын жүргізу тәртібі

17.1. Басқарма отырысына шығарылатын сұрақтар тек қана Банк Басқармасының құзыретіне жататын сұрақтардан басқа, ішкі үрдістерге сәйкес Банктің мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен алдын-ала қаралуы және келісілуі қажет.

Басқарма аптасына 1 реттен жиі емес уақытта өткізілетін, қажет болған жағдайда, өз отырыстарында сұрақтарды қарайды және шешімдер қабылдайды. Басқарма отырыстары, егер онда Басқарманың барлық мүшелерінің 2/3 кем емес мүшесі қатысқан болса, құқығы бар болып саналады.

17.2. Отырысты өткізу күні, уақыты мен орны Басқарма Төрағасымен анықталады. Қажет болған жағдайда Басқарма Төрағасы кезекті отырысты ауыстыра немесе Басқарманың кезектен тыс отырысын оны өткізу күні шақыра алады.

17.3. Басқарма отырысының күн тәртібіне ұсыныстарды мыналар енгізе алады:

- 1) Басқарма Төрағасы;
- 2) Басқарма мүшелері;
- 3) Директорлар Кеңесінің мүшелері;
- 4) филиалдардың директорлары мен Банк өкілеттіктерінің басшылары;
- 5) Басқарма Төрағасы немесе Басқарманың бір мүшесі арқылы ерікті құрылымдық бөлімшелердің басшылары.

17.4. Басқарма отырыстарында басшылық ететін және оның жұмыстарын басқаратын Басқарма Бастығы, не оның міндеттерін атқарушы тұлға.

17.5. Басқарманың әрбір мүшесінің бір даусы бар. Басқарма мүшелері шешім қабылдаған кезде дауыс беруден бас тарта алмайды. Басқарма шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең келгенде Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Дауыс беру құқын Банк Басқармасының мүшесі басқа тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

17.6. Басқарманың шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырыстың Басқармасы, Басқарманың отырыста отырған барлық қатысушыларымен, отырыстың хатшысымен қол қойылуы керек және дауыс беруге қойылған сұрақтары болуы қажет, ол бойынша дауыс берудің нәтижелері әрбір сұрақ бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып қамтылуы қажет.

17.7. Қабылданған шешіммен келіспеген кезде Басқарма мүшелері өзінің ерекше ойын Банктің директорлар Кеңесіне хабарлауға құқы бар, ол тиісті отырыстың хаттамасында көрінуі қажет.

18 тарау. Банк Басқармасының Төрағасы

18.1. Банк Басқармасының Төрағасы орындаушы орган – Банк Басқармасының басшысы болап табылады.

Банк Басқармасы Төрағасының қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Банкпен жасаған еңбек шартымен анықталады. Банк атынан Банктің Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шарты директорлар Кеңесінің Төрағасымен немесе осыған өкілетті акционерлердің Жалпы отырысымен немесе директорлар Кеңесімен, тұлғамен қол қойылады. Басқарманың басқа мүшелерімен Еңбек шартына Банктің Басқарма Төрағасы қол қояды.

18.2. Банк Басқармасының Төрағасы орындаушы органның басшысы қызметіне не басқа заңды тұлғаның, орындаушы органының қызметтерін біркелкі орындаушы тұлғаның қызметіне отыруға құқы жоқ.

18.3. Басқарма Төрағасы мен оның орынбасарлары Банктің басшы қызметкерлері болып табылады, Уәкілетті органның келісімен қызметке сайланады және Қазақстан Республикасы заңнамасы белгіленген ең аз талаптарға сәйкес болуы қажет.

18.4. Банк Басқармасының Бастығы:

1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Банк қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Банк Басқармасы мен Банктің ішкі аудит Қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

7) директорлар Кеңесінің және Банктің алқалы органдарының құзырына жатпайтын шешімдер бойынша Банктің мәміле жасауы туралы шешім қабылдайды;

8) Басқарманың, директорлар Кеңесінің және Банктің басқа алқалы органдарының қабылданған шешімдеріне сәйкес Банк атынан мәмілелер жасайды;

9) осы жарғыда және акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

18.5. Басқарма Төрағасы жоқ кезде оны міндеттерін, Басқарма Төрағасы уәкілдендірілген, Басқарма мүшесі бұйрық негізінде орындайды.

19 тарау. Банктің лауазымды тұлғаларының жауапкершіліктері

19.1. Банктің лауазымды тұлғалары – директорлар Кеңесінің мүшелері және Банк Басқармасы.

Банктің лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Банк пен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Банктің мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Банк Жарғысына және акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Банктің қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды.

5) егер Банктің ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Банктің қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Банктегі жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті.

Банктің директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, айқындық негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің Жарғысы мен ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес, Банктің және оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

19.2. Банктің лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін Банк алдында, Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген тұрғыда жауап береді:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында бекітілген ақпараттарды беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Банкпен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Банкке зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Банк пен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Банк жарғысында көзделген жағдайларда, акционерлердің Жалпы жиналысының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Банкке залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Банк органының отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

19.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды адамға оның Банкке келтірген зиянды не залалдарды Банкке өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Банкке залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің Жалпы жиналысы шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан, Банктің лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің осы лауазымды адамы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Банктің осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Банктің лауазымды адамы Банкке осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Банктің лауазымды адамдарының келтірген залалдарды Банкке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы мәселені директорлар Кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Банктің директорлар Кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс. Директорлар Кеңесінің төрағасы көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде директорлар Кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша директорлар Кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар Кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша директорлар Кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Банк мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

19.4. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Банктің лауазымды адамдары, егер Банктің органы қабылдаған, Банкке не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Банктің лауазымды адамдары қызметінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Банк мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Банктің лауазымды адамдары, заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Банктің лауазымды адамдарының міндеттерін, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлер өкілінің міндеттерін орындай алмайды.

Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмаласа, Банктің осы қаржылық есептілігіне қол қойған қоғамның лауазымды адамдары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

20. тарау. Банктің ішкі аудит қызметі

20.1. Банктің қаржы-шаруашылық әрекетін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит Қызметі қалыптасады.

Ішкі аудит Қызметін жасау туралы шешім Банктің директорлар Кеңесімен қабылданады. Ішкі аудит Қызметі Басқарма, Бөлім түрінде не ішкі аудит Қызметінің тобымен жасалады және Банктің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

20.2. Ішкі аудит Қызметінің жұмысшылары Банк Басқармасы мен директорлар Кеңесінің құрамында сайлана алмайды.

20.3. Ішкі аудит Қызметі директорлар Кеңесіне тікелей бағынады және өзінің жұмысы туралы олардың алдында есеп береді.

20.4. Ішкі аудит Қызметінің негізгі мақсаты Банк әрекетінің барлық көрінісі бойынша тәуекелділікті басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мен сайма-сайлығына, оларға салынған қызметтер мен тапсырмаларды Банк бөлімшесі орындаған жағдайлары туралы ақпараттың жеткіліктілігі мен уақытында қамтамасыз етуіне, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің қызметіне өте тиімді ұсынған, берілген әрекеттерді ұсынуға баға беру болып табылады. Ішкі аудит Қызметінің жұмыс тәртібі мен құзыреті Банктің директорлар Кеңесімен бекітілетін ішкі аудит Қызметі туралы Ережеге сәйкес анықталды.

20.5. Ішкі аудит Қызметінің тапсырмаларына келесі мәселелерді қарау және талқылау жатады:

- 1) ішкі бақылау жүйесінің қалыптасуы;
- 2) директорлар Кеңесінің қарауы бойынша есеп беру дайындығы;
- 3) ағымдағы жылы сыртқы және ішкі аудиттерін талқылауға қажетті Банк операцияларындағы тәуекелділік облысы;
- 4) сыртқы пайдаланушы мен менеджментке ұсынатын қаржы ақпараттарының нақтылығы мен жеткіліктілігі;
- 5) бухгалтерлік есепте немесе ішкі бақылауда ішкі және сыртқы аудиторлармен шыққан кез-келген жетіспеушілік;
- 6) Банкпен қалыпты құқық актілерін, ішкі ережелер мен қосымшаларды сақтау.

20.6. Ішкі аудит Қызметімен өткізілген тексерістерінің қорытынды нәтижелері жасалған анықтамалар немесе есептер, актілер түрінде ресімделеді және Ішкі аудит Қызметінің басшылары қол қояды.

20.7. Ішкі аудит Қызметінің әрекеті ішкі аудиторлар жағынан тәуелсіз тексеріске тиесілі.

21. тарау. Банктің қаржылық есептілігі мен аудиті

21.1. Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

21.2. Қаржылық есептілік Банктің бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес басқа есептілікті қамтиды.

Халықаралық қалыптарға сәйкестендірілген тізімдер мен қалыптар, сондай-ақ қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдері мен тәртібі, консолидирленген негіздегі есепті қоса Уәкілетті органмен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітіледі.

Консолидирленген негіздегі есепті қоса (қаржылық және статистикалық есептіліктен тыс) есептілікті ұсыну тізімі, қалыптары, мерзімдері мен тәртібі Уәкілетті органмен белгіленеді.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы операциялар мен жағдайларды есептеуді орындайды.

Банктің бухгалтерлік есебінің саясаты директорлар Кеңесімен анықталады.

Банктің қаржылық (операциялық) жылы күнтізбелік күнмен дәл келеді.

21.3. Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысына жыл сайын оған қызмет көрсету және бекіту үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалады.

21.4. Жылдық қаржылық есептілікті директорлар Кеңесі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Банктің жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.

21.5. Банк шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде немесе уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық қалыптарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі. Нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

21.6. Банк тоқсан сайын балансты, Уәкілетті органмен келісе отырып, олардың аудиторлық расталымынсыз, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде белгіленген қалыптар мен мерзімдерде кірістер мен шығындар туралы есепті жариялайды.

21.7. Банк жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

Банктің әрекеттері туралы бірінші кезектегі құжаттары мен басқа ақпараттардың бухгалтерлік есебі мен есептілігінің аудиті Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес және аудиторлық әрекеттер туралы заңнамаға сәйкес аудит жүргізуге құқы бар аудиторлық ұйыммен (аудиторлармен) жүзеге асырылуы мүмкін.

21.8. Банкке аудит директорлар Кеңесінің, банк Басқармасының бастамасы бойынша Банк есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Банк аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

21.9. Егер Банк Басқармасы Банкке аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

21.10. Тексеру нәтижелері мен өз шешімдерін аудиторлық ұйым (аудитор) директорлар Кеңесі мен Банк Басқармасы ұсынған есепте баяндайды.

22 тарау. Ақпарат ұсыну тәртібі

22.1. Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты Банк қызметі туралы ақпаратты Банк өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Банк акционерлерінің мүдделерін қамтушы ақпараттарға:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысы және директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 2) Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 3) Банктің ірі мәмілелерді және жасалуына Банк мүдделі мәмілелерді жасасуы;
- 4) Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;
- 5) Банктің өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мөлшерде Банктің қарыз алуы;
- 6) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Банктің лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Банктің бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;
- 7) Банктің заңды тұлға құруға қатысуы;
- 8) Банк мүлкіне тыйым салынуы;
- 9) нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
- 10) Банктің және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;
- 11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;
- 12) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 13) Банктің жарғысына, сондай-ақ Банктің акцияларды шығару перспектісіне сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат Банк акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп танылады.

22.2. Банк акционерлердің мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Банктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы ақпараттарды Банк бұқаралық ақпараттық құралдары «Егемен Қазақстан» және «Деловая неделя» газеттерінде жариялайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында бұқаралық ақпараттық құралдарда акционерлердің мүдделерін қорғаушы ақпаратты міндетте түрде жариялау талап етілмесе, Банк әрекеттері туралы ақпарат Банкке тиесілі, Ғаламтор желісінде корпоративті веб-сайт- ресми электронды сайт арқылы берілуі мүмкін.

22.3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілікті, сондай-ақ басқа құжаттарды жасау кезінде бухгалтерлік есепте қолданылатын құжаттарды сақтау және қатал есептеуді қамтамасыз етуге міндетті. Банктің сақталуға қажетті, негізгі құжаттарының тізімі, және олардың сақталу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. Банк жоғарыда көрсетілген құжаттарды Банк Басқармасы орналасқан орында немесе Банктің директорлар Кеңесі анықтаған шешім бойынша басқа жерде сақтайды, ол туралы Қазақстан

Республикасының қалыпты құқықты актілеріне сәйкес акционерлер, Банктің несие берушілері және оған Қазақстан Республикасының қалыпты құқықты актілеріне сай уәкілетті басқа мүдделі тұлғалар хабардар болуы тиіс.

22.4. Акционердің талап етуі бойынша Банк оған Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген құжаттардың көшірмесін Банктің жарғысында белгіленген тәртіппен, бірақ Банкке осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

22.5. Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Банк Басқармасы белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

23 тарау. Аффилиирленген тұлғалар туралы ақпараттарды ұсыну тәртібі

23.1. Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалар немесе Банктің тіркеушісі (уәкілетті орган белгілеген тәртіпте, ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) берген мәліметтер негізінде жүргізеді.

Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті Банк Басқармасының Төрағасына, онда (жеке тұлғалар бойынша): тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, аффилиирлену белгісіне арналған негіздемені, аффилиирленудің пайда болу күнін және жеке тұлғалардың/аффилиирленген тұлғаның отырған қызметіне қатысты тектілік дәрежесін көрсету арқылы табыс етуге міндетті, заңды тұлғалар бойынша заңды тұлғаның толық атауы, оны тіркеу нөмірі мен күні, пошталық мекен-жайы мен нақты орналасқан жері, аффилиирлену белгісіне арналған негіздеме мен оның пайда болу күні беріледі.

23.2. Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша ұсынады.

24 тарау. Банктің іс-әрекеттерін тоқтату талаптары

24.1. Банкті мәжбүрлеп қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, оқшаулау, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Уәкілетті органның рұқсатымен Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

24.2. Банкті мәжбүрлеп қайта құру, не оған қатысты оналту үрдістерін жүргізу уәкілетті органның осыған сәйкес қорытындысы негізінде, сот шешімі бойынша орындалады.

Банкті мәжбүрлеп қайта құру, оналту үрдістерін орындау үшін міндетті талап ретінде Банктегі депозиттерінің барлығын мүдделі тұлғаларға мәжбүрлеп жою туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жылдың ішінде қайтару болып табылады. Осы талапты орындамау Банкті мәжбүрлеп жоюға әкеп соғады.

24.3. Банк келесі жағдайларда жойыла алады:

а) уәкілетті орган болған кезде оның акционерлерінің шешімі бойынша (мәжбүрлеп жою);
б) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда, сот шешімімен (мәжбүрлеп жою).

24.4. Банктің іс-әрекетінің тоқтауы, оның ішінде банкроттық негізде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

24.5. Банкті жою туралы шешім қабылданғаннан кейін жасалған, жою комиссиясы өз әрекеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындайды.

24.6. Жойылатын Банктің несие берушілерінің талаптары, оның ішінде оның банкроттығымен байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

24.7. Соттың Банкті мәжбүрлеп жою туралы іс қозғаған күнінен бастап:

1) құрылтайшылардың (қатысушылар), Банк органдарының Банктің мүлкін пайдалануға құқы жоқ;

2) жойылатын банкке катысты ертеректе қабылданған сот шешімдерін орындау тоқтатылады;

3) несие берушілердің банкке қойылатын талаптары тек Банкті қамтамасыз етудің ағымдағы шығындарымен байланысты талаптардан тыс жойылатын өндірісте ғана ұсыныла алады;

4) несие берушілердің, салық қызметі органдарының талаптары бойынша, оның ішінде даусыз (акцептсіз) тәртіпте қанағаттандыруға жататын, сондай-ақ Банктің мүлкін шегеру Банктің банктік шотынан ақша алуға рұқсат етілмейді;

5) Банктің құзыретті тұлғаларына оларға тән Банк акцияларын кейінге қалдыруға рұқсат етілмейді.

25 тарау. Қорығынды ережелер

25.1. Міндетті хабарламаларды Банк Қазақстан Республикасының қалыпты құқықты актілерінде белгіленген тәртіп пен мерзімде, бұқаралық ақпараттың екі республикалық кезекті «Егемен Қазақстан» және «Деловая неделя» құралдарында жариялайды.

25.2. Акционерлер арасындағы, сондай-ақ акционерлер мен Банк арасындағы барлық қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Банктің ішкі құжаттарында реттеледі.

25.3. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында күйге келтіріледі.

25.4. Егер Банктің осы Жарғысының қандай болмасын ережесі қолданылмайтын болса, ол Жарғының басқа ережелерінде көрсетілмейді.

25.5. Осы Жарғыда қарастырылмаған басқа барлық жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

Жалғыз акционердің
шешімімен уәкілдендірілген
Акционерлік Қоғам Еншіле
Басқармасының Төрағасы



Д.Ф. Смирнов

Смирнов Данила Федорович

Согласовано
с Комитетом по контролю и надзору
финансового рынка и финансовых
организаций Национального Банка
Республики Казахстан



« 11 » октября 2011 г.

УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
ДОЧЕРНИЙ БАНК «АЛЬФА-БАНК»

Утвержден
решением единственного акционера
№ 7 от «26» сентября 2011 года

г. Алматы, 2011 год

Настоящий Устав Акционерного Общества Дочерний Банк «Альфа-Банк» (далее – «Устав») определяет правовой статус и регламентирует деятельность юридического лица – банка, созданного в организационно-правовой форме акционерного общества.

Глава 1. Общие положения

1.1. Акционерное Общество Дочерний Банк «Альфа-Банк» (далее – «Банк») - юридическое лицо, являющееся коммерческой организацией, которое в соответствии с Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» правомочно осуществлять банковскую деятельность.

1.2. Полное и сокращенное наименования Банка:

	<i>Полное наименование</i>	<i>Сокращенное наименование</i>
На казахском языке:	“Альфа-Банк” Еншілес Банкі Акционерлік Қоғамы	“Альфа- Банк” ЕБ АҚ
На русском языке:	Акционерное Общество Дочерний Банк “Альфа - Банк”	АО ДБ “Альфа-Банк”
На английском языке:	Joint - Stock Company Subsidiary Bank “Alfa-Bank”	JSC SB “Alfa-Bank”

1.3. Банк является банком второго уровня. Банк является дочерним банком с иностранным участием.

1.4. Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве Банка в органах юстиции Республики Казахстан и наличием лицензии Уполномоченного органа по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – «Уполномоченный орган») на проведение банковских операций.

1.5. Банк в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

1.6. Банк обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, имеет самостоятельный баланс и может от своего имени приобретать и осуществлять права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

1.7. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества и не отвечает по обязательствам своих акционеров. Акционеры Банка не отвечают по его обязательствам и несут риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих им акций Банка, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. Государство не отвечает по обязательствам Банка, равно как и Банк не отвечает по обязательствам государства, кроме предусмотренных законодательством Республики Казахстан случаев, когда Банк или государство принимают на себя такую ответственность.

1.8. Банк в установленном законодательством Республики Казахстан порядке вправе создавать свои филиалы и представительства.

1.9. Банк имеет печать со своим наименованием на государственном и русском языках.

1.10. Место нахождения исполнительного органа Банка: Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, ул. Масанчи, дом 57 «а», почтовый индекс 050012.

1.11. Срок деятельности Банка - не ограничен.

Глава 2. Предмет и цели деятельности Банка

2.1. Предметом деятельности Банка является банковская деятельность.

2.2. Основными целями деятельности Банка являются:

- содействие формированию и дальнейшему развитию рыночной экономики и банковских услуг в Республике Казахстан, расширению внешнеэкономических связей;

- развитие банковского сотрудничества с казахстанскими и иностранными финансовыми учреждениями;
- обеспечение роста чистого дохода путем постоянного увеличения объемов и видов банковских услуг, улучшения их качества;
- получение чистого дохода и его использование в интересах акционеров Банка;
- обеспечение своих коммерческих интересов и интересов клиентов Банка.

